# ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

2025 жылғы 7 сәуір

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы РММ (бұдан әрі – 1-тарап) жарғы негізінде әрекет ететін ректор Жудебаев Арман Адильханович және Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка орта мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – 2-тарап) жарғы негізінде әрекет ететін директор Абдрашев Бахтияр Төлепбергенович, (бұдан әрі – Тараптар) өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту, білім беру саласындағы өзекті бағыттарды іске асыру, кәсіби білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, мәдени мұраны сақтау мен насихаттау, сондай-ақ мәдени байланыстарды тереңдету мақсатында осы Меморандумды жасасып, төмендегідей уағдаластыққа келді:

## 1. Меморандумның мәні

1.1. Тараптар оқу үдерісін жетілдіру, музыкалық-ағартушылық жобаларды енгізу, кәсіби музыканттарды даярлау, мәдени мұраны сақтау, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және мәдени ынтымақтастықты тереңдету бағытында бірлесіп әрекет етеді.

1.2. Мамандық және музыкалық-теориялық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру және авторлық бағдарламалар мен инновациялық оқыту әдістеріне рецензия беру.

1.3. Кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту, мектеп түлектері үшін Ашық есік күндерін ұйымдастыру және жаңа білім беру бағдарламалары туралы ақпарат беру.

1.4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезеңінде әдістемелік қолдау көрсету.

1.5. Аралық және қорытынды аттестаттау кезеңінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

1.6. Түлектердің өндірістік тәжірибеден өтуі мен жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.

1.7. Қабылдау және қорытынды емтихандарда ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

## 2. Тараптардың міндеттемелері

2.1. Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай жасауға міндеттенеді:

- 2.1.1. Мәдени-білім беру және музыкалық-ағартушылық жобаларды бірлесіп әзірлеу және жүзеге асыру;
- 2.1.2. Жинақталған тәжірибе және біліммен алмасу (семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, қазылар алқасына қатысу және т.б.);
- 2.1.3. Концерттер, байқаулар, олимпиадалар, фестивальдер мен шеберлік сыныптарын ұйымдастыру;
- 2.1.4. Өнер қайраткерлерімен және шығармашылық ұжымдармен кездесулер өткізу;
- 2.1.5. Шығармашылық ұжымдардың бірлескен концерттерін ұйымдастыру;
- 2.1.6. Қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін ынтымақтастықтың басқа да нысандарын қарастыру.

2.2. Тараптар өзара қызығушылық тудыратын мәдени-ағартушылық жобаларға басымдық беруге келісті.
2.3. Нақты жобалар екіжақты келісімдер негізінде іске асырылады.
2.4. Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл мерзімге жасалады. Егер тараптардың бірі оны тоқтату туралы жазбаша ескерту бермесе, қолданылу мерзімі автоматты түрде ұзартылады.
2.5. Меморандум қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалған, әр тарапта бір данадан болады, және екі тілдегі мәтіндер бірдей заңды күшке ие.

**3. Қаржыландыру**

3.1. Іс-шараларды қаржыландыру әр тараптың өз қаражаты, демеушілік қаражат және өзара келісім негізінде жүзеге асырылады.

**4. Меморандумның қолданылуы және бұзу шарттары**

4.1. Меморандум тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптардың бірі тоқтату туралы бастама көтергенге дейін немесе өзара келісім бойынша күшін жояды.
4.2. Өзгерістер тараптардың келісімі бойынша жеке хаттама арқылы енгізіледі.
4.3. Меморандумды орындау барысында туындайтын даулар тараптар арасында келіссөздер жолымен шешіледі.
4.4. Қажет болған жағдайда қосымша келісімдер жасалады.
4.5. Меморандум 2 (екі) данада, әр тарапқа бір данадан беріледі және заңды күші тең.

## ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің**
**Темірбек Жүргенов атындағы**
**Қазақ ұлттық өнер академиясы РММ**
ҚР, Алматы қ., 050000
Панфилова көшесі 127
тел: (7272) 72 46 74
Ректор: ____________________ Жудебаев А.А.

**Қазақстан Республикасы Мәдениет**
**және ақпарат министрлігінің**
**«Күләш Байсейітова атындағы дарынды**
**балаларға арналған республикалық мамандандырылған**
**музыка орта мектеп-интернаты» РММ**
ҚР, Алматы қ., 050040
Байзақов көшесі 304
тел.: 8 (7272) 394-91-45
Директор: ____________________ Абдрашев Б.Т.

# МЕМОРАНДУМ
# О ВЗАИМНОМ СОТРУДНИЧЕСТВЕ

2025 г. « 7 » апреля

город Алматы

РГУ «Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова» Министерства культуры и информации Республики Казахстан, (в дальнейшем — Сторона 1), в лице ректора Жудебаева Армана Адильхановича, действующего на основании Устава, и Республиканское государственное учреждение «Республиканская средняя специализированная музыкальная школа-интернат для одарённых детей имени Куляш Байсеитовой» Министерства культуры и информации Республики Казахстан (в дальнейшем — Сторона 2), в лице директора Абдрашева Бахтияра Толепбергеновича, действующего на основании Устава, совместно именуемые Сторонами, выражая обоюдную заинтересованность в развитии сотрудничества в сфере образования, реализации профессиональных образовательных программ, сохранения, изучения и популяризации культурного наследия, а также в укреплении культурных связей, заключили настоящий Меморандум и договорились о нижеследующем:

## 1. ПРЕДМЕТ МЕМОРАНДУМА

1.1. Стороны в рамках своей компетенции осуществляют сотрудничество по следующим направлениям:

- совершенствование учебного процесса;
- внедрение музыкально-образовательных проектов;
- расширение партнёрских связей в области профессиональной подготовки музыкантов-исполнителей;
- сохранение культурного наследия;
- развитие исполнительского мастерства учащихся;
- раскрытие их творческого потенциала;
- популяризация творческих коллективов;
- обмен знаниями, опытом и повышение компетенций;
- углубление культурных связей.

1.2. Совершенствование образовательных программ по специальностям и музыкально-теоретическим дисциплинам. Рецензирование авторских программ и инновационных методов обучения.
1.3. Усиление профориентационной работы, проведение Дней открытых дверей для выпускников школы, информирование о новых образовательных программах.
1.4. Оказание методической помощи в разработке образовательных программ.
1.5. Сотрудничество в период проведения промежуточной и итоговой аттестации учащихся.

1.6. Сотрудничество по вопросам прохождения практики и трудоустройства выпускников.
1.7. Сотрудничество при приёмных и итоговых экзаменах, а также в рамках совершенствования образовательного процесса.

## 2. ОБЯЗАТЕЛЬСТВА СТОРОН

2.1. Стороны обязуются создавать благоприятные условия для взаимовыгодного сотрудничества в следующих направлениях:
2.1.1. Совместная разработка и внедрение культурно-образовательных и музыкально-просветительских проектов.
2.1.2. Обмен опытом и знаниями в соответствующих сферах, включая:

- участие в семинарах, конференциях, круглых столах и других мероприятиях;
- участие представителей сторон в качестве членов жюри на конкурсах и олимпиадах;
- участие профессоров творческих вузов в качестве председателей комиссий при итоговой аттестации учащихся.

2.1.3. Проведение творческих мероприятий: концертов, конкурсов, олимпиад, фестивалей, мастер-классов.
2.1.4. Организация творческих встреч с выдающимися деятелями культуры и искусства, а также творческими коллективами.
2.1.5. Организация и проведение совместных концертов творческих коллективов.
2.1.6. Использование иных форм сотрудничества, не противоречащих законодательству Республики Казахстан.
2.2. Приоритет будет отдаваться проектам, имеющим культурно-просветительскую направленность и представляющим интерес для обеих сторон.
2.3. Реализация конкретных программ и проектов будет осуществляться на основе отдельных двусторонних соглашений.
2.4. Настоящий Меморандум вступает в силу с момента его подписания обеими Сторонами и заключается сроком на 5 (пять) лет. По истечении этого срока он автоматически продлевается, если одна из Сторон письменно не уведомит другую о намерении прекратить действие Меморандума за 2 (два) месяца до окончания срока.
2.5. Меморандум составлен на казахском языке, в двух одинаковых экземплярах, каждый из которых имеет одинаковую юридическую силу.

## 3. ФИНАНСИРОВАНИЕ И РАСЧЁТЫ

3.1. Финансирование совместных мероприятий осуществляется за счёт собственных средств каждой из Сторон, спонсорских средств, а также на основе дополнительных договорённостей.

## 4. СРОК ДЕЙСТВИЯ И ИЗМЕНЕНИЕ УСЛОВИЙ

4.1. Настоящий Меморандум действует с момента его подписания до момента расторжения одной из Сторон либо прекращает своё действие по взаимному согласию.

4.2. Все изменения и дополнения к Меморандуму оформляются в письменной форме в виде отдельного протокола, подписанного обеими Сторонами.

4.3. Все споры и разногласия, возникающие при исполнении условий настоящего Меморандума, решаются путём переговоров.

4.4. В случае возникновения дополнительных условий, стороны оформляют их в виде дополнительного соглашения.

4.5. Меморандум подписан в двух экземплярах — по одному экземпляру для каждой из Сторон, оба экземпляра имеют одинаковую юридическую силу

## ЮРИДИЧЕСКИЕ АДРЕСА И ПОДПИСИ СТОРОН


**Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова Министерства культуры и информации РК**

РК, г. Алматы, 050000

ул. Панфилова, 127

тел:8 (7272) 72 46 74

Ректор: ________________________ Жудебаев А.А.

**РГУ «Республиканская средняя специализированная музыкальная школа-интернат для одаренных детей имени Куляш Байсеитовой» Министерства культуры и информации РК**

РК, г. Алматы, 050040

ул. Байзакова, 304

тел: 8 (7272) 394 91 45

Директор: ________________________ Абдрашев Б.Т.